

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Соттың айыппұл салу туралы Қаулысы заңды күшіне енген жоқ және ол бойынша шағым жасалады

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің «БЖЗК» АҚ-ға ақпаратты ұсынбағаны үшін 100 АЕК мөлшерінде салынған айыппұлға қатысты хабарламасы бойынша БАҚ-та таратылған ақпаратқа қатысты төмендегіні хабарлаймыз.

2022 жылдың тамыз айында монополияға қарсы орган БЖЗК-ға міндетті зейнетақы аударымдары туралы мәліметтерді қамтитын сұранысын жолдады.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 57-бабына сәйкес БЖЗК салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жинақтарының құпиясына кепілдік беретіндіктен, Қор Астана қаласы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментіне бұл ақпаратты беруден бас тартатыны туралы жауап жолдады.

БЖЗК-ның ақпаратты беруден бас тартқандығы туралы жауапты алғаннан кейін монополияға қарсы орган БЖЗК-ға қатысты Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 162-бабы бойынша әкімшілік іс қозғады. «БЖЗК» АҚ-ның өтініші бойынша іс Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына (Сот) берілді.

2022 жылғы 11 қарашада Сот «БЖЗК» АҚ-ға 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу туралы Қаулысын шығарды.

Алайда «БЖЗК» АҚ Соттың бұл Қаулысын алған жоқ және ол заңды күшіне енген жоқ.

Соттың Қаулысын алғаннан кейін «БЖЗК» АҚ өзінің ол бойынша жоғары тұрған сот сатысына шағымдану құқығын заңнамада белгіленген мерзімді сақтай отырып, шағым арыз беруге ниетті.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, БЖЗК-ны әкімшілік айыппұл сала отырып, әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау ерте және дәл қазір ол шындыққа сәйкес келмейді.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*